

М.Қ. ТҮЯҚБАЕВ¹, М.М. БАХТЫБАЕВ²✉, С.С. МУРГАБАЕВ², Б.С. СИЗДИКОВ³

¹тарих ғылымдарының кандидаты

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: marat_tuiakbayev@gmail.com

²Археология ҒЗИ-ның аға ғылыми қызметкері,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz,

<https://orcid.org/0000-0002-9027-0295>

e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz,

<https://orcid.org/0000-0002-7154-4350>

³PhD, Археология ҒЗИ-ның жетекші ғылыми қызметкері,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>

ХАН ОРДАСЫНДА 2020 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа. Ел мен жер – қазақ халқының рухани-мәдени және тарихи құндылықтарының арқауы, ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік тұтастықтың негізі. Түркі халықтарының рухани астанасы, қасиетті де құтты мекені – Түркістан өңірінің тамырлы тарихы ұзақ жылдар бойы зерттеліп келеді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Түркістанның тарихы сонау ерте кезеңнен бастау алатындығы анықталды. Оның мұрағаты – тарихи-мәдени ескерткіштер болып табылуда. Ал бұл тарих пен мәдениеттің өте нәзік куәсі және құжаты. Сондықтан да тарихи-мәдени ескерткіштерімізді зерттеудің нәтижесінде өткен тарихымыз бен мәдениетімізді өскелең ұрпаққа және әлемге таныта аламыз. Сонымен қатар, бүлініп жатқан тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің жай-күйін жақсарта отырып, келешек ұрпаққа сақтап, мұра етіп қалдыра аламыз. Осы мақсатта авторлар рухани астана – Ескі Түркістан қаласында орналасқан Хан Ордасында 2020 жылы жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санайды.

Мақалада Ескі Түркістан қаласында XVII–XVIII ғасырларда екі Хан Ордасы болғандығы және жазба деректерде олар жайлы келтірілген мәліметтер баяндалады. Хан Ордасының орнын анықтау мақсатында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері және 2020 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған мәдени қабаттар баяндалады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталған мәдени қабаттардың XVII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жататындығы анықталды.

Кілт сөздер: Ескі Түркістан, Хан Ордасы, қазба, кесік, керамика.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Тұяқбаев М.Қ., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Сиздиков Б.С. Хан ордасында 2020 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №2 (124). – Б. 340–349. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.28>

*Cite us correctly:

Tuiyqbaev M.Q., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S., Sizdikov B.S. Han ordasynda 2020 jyly jurgizilgen arheologiyalyq zertteu jumystary [Archaeological Research at the «Khanskaya Stavka» (Khan's rate) Complex Conducted in 2020] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2022. – №2 (124). – B. 340–349. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.28>

М.К. Туякбайев¹, М.М. Бахтыбайев², С.С. Мургабайев², Б.С. Сиздиков³

¹*Candidate of Historical Sciences*

*State Historical and Cultural Museum-Reserve «Azret-Sultan»
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: marat_tuiakbayev@gmail.com*

²*Senior Researcher of the Research Institute of Archaeology,
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz,
e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz*

³*PhD, Leading Researcher of the Research Institute of Archaeology,
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz*

Archaeological Research at the «Khan Ordasy» (Khan's rate) Complex Conducted in 2020

Abstract. The steppe expanses are a source of spiritual, cultural, historical values and national identity of the Kazakh people, as well as the basis of the state integrity of the country. The history of the spiritual center of the Turkic world – the city of Turkestan has been studied for many years. Recent studies have shown that the history of Turkestan dates back to ancient times, as evidenced by the preserved monuments of history and culture, which are silent witnesses of the past. As a result of the study of historical and cultural monuments, we can show the younger generation our past history and culture. At the same time, we can take measures to protect historical and cultural monuments and preserve them for future generations. To this end, the authors decided to analyze and introduce into scientific circulation the results of archaeological research conducted in 2020 in the «Khan Ordasy» (Khan's rate), located in the spiritual capital – Old Turkestan.

The article describes the existence of two khan's headquarters at the settlement of Eski Turkestan in the 17th-18th centuries. and provides information from written sources. The results of studies of cultural layers identified during archaeological excavations at the «Khan Ordasy» complex in 2020 are presented. In the course of research, it was established that the cultural layers date back to the end of the 16th and the beginning of the 20th centuries.

Keywords: settlement Eski Turkestan, Khan's rate, excavation, section, ceramics.

М.К. Туякбаев¹, М.М. Бахтыбаев², С.С. Мургабаев², Б.С. Сиздиков³

¹*кандидат исторических наук*

*Государственный историко-культурный музей-заповедник «Азрет-Султан»
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: marat_tuiakbayev@gmail.com*

²*старший научный сотрудник НИИ Археологии,
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz,
e-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz*

³*PhD, ведущий научный сотрудник НИИ Археологии,
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz*

Археологические исследования на комплексе «Ханская ставка», проведенные в 2020 году

Аннотация. Степные просторы являются источником духовных, культурных, исторических ценностей и национального самосознания казахского народа, а также основой государственной целостности страны. История духовного центра тюркского мира – города Туркестана изучается на протяжении многих лет. Исследования последних лет показали, что история Туркестана восходит к глубокой древности, тому доказательство сохранившиеся

памятники истории и культуры, являющиеся безмолвными свидетелями прошлого. В результате исследований историко-культурных памятников мы можем показать молодому поколению нашу прошлую историю и культуру. В то же время мы можем предпринять мероприятия по охране памятников истории и культуры и сохранить их для будущих поколений. С этой целью авторы решили проанализировать и ввести в научный оборот результаты археологических научно-исследовательских работ, проведенных в 2020 году в «Ханской Орде» (Ханская ставка), расположенной в духовной столице – Старом Туркестане.

В статье описывается существование двух ханских ставок на городище Ески Туркестан в XVII–XVIII вв. и приводятся сведения из письменных источников. Представлены результаты исследований культурных слоев, выявленных в ходе археологических раскопок на комплексе «Ханская Орда» в 2020 году. В ходе исследований установлено, что культурные слои датируются концом XVII и началом XX вв.

Ключевые слова: городище Ески Туркестан, Ханская ставка, раскоп, разрез, керамика.

Кіріспе

«Ескі Түркістан қаласында орналасқан Хан Ордасында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары» атты ғылыми жоба «Қазқайтажаңғырту» республикалық мемлекеттік мекемесі тапсырмасы бойынша орындалды. Ғылыми жобаны орындау барысында археолог С.С. Мургабаев пен т.ғ.к. М.Қ. Тұяқбаевтың жетекшілігімен «Мәдени мұра» ғылыми-зерттеу орталығының Ескі Түркістан археологиялық экспедициясы археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеудің негізгі мақсаты Кейінгі ортағасырлық Ескі Түркістан қаласында орналасқан Хан Ордасындағы нысандарды қалпына келтіру мақсатында қазба жұмыстарын жүргізу болып табылады. Қазба барысында Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде төрт құрылыс қабаты анықталып зерттелді. Зерттеу барысында тұрғын үй планыграфиясы, қорған қабырғасы, тұйық көше және кешеннің шығыс бөлігінің толық құрлымы анықталып, мәдени қабатырдың XVII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жататындығы анықталды.

Тарих жазба деректерден XVIII ғасырда Ескі Түркістан қаласында екі Хан Ордасы (цитадель) қатар өмір сүргенін білеміз. Бұл жайлы И.В. Ерофееваның «Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв.» [1, 76–82-с.] атты еңбегінен және Б.Т. Тұяқбаева мен А.Н. Проскуриннің «Проект регенерации цитадели в городе Туркестане» атты мақаласынан толыққанды деректер табуға болады [2, 17–19-с.]. Соңғы мақалада Сібір генерал-губернаторы Фон Фрауендорфтың Сыртқы істер Коллегиясына 1763 жылы жолдаған рапорты баяндалған. Онда: «...өткен 1762 жылдың көктемінде Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан және қырғыз қайсақтардың (қазақтардың) орта жүзінің басқа да старшындары жоғарыда айтылған Қаракесек ұлысындағы Қазыбек биге жиналды да, олардың барлығы жабылып Әбілмәмбет хан мен Есім сұлтанды татуластыруға тырысты және де осы негізде Түркістан қаласы мен уездік қалаларға екеуін де хандық құруға шақырды, ...бұл үшін Түркістан қаласы мен уездік қалаларды екіге бөлді және қаланың бір жартысын ондағы қақпалары және сол беттегі қалаларымен бірінші ханға, ал екінші жартысын сол беттегі қақпалары және қалаларымен екінші ханға берді, сондықтан да өткен 1762 жылдың күзінде Әбілмәмбет хан Түркістанға қыстау үшін және өз бөлігіне билік жүргізу үшін кетті» делінген [2, 10-с., 3, 3-4-с.].

Ал, тарихшы И.В. Ерофееваның мақаласындағы деректерде 1743–45 жылдар аралығында Түркістанды және оның айналасындағы қалаларды Әбілмәмбет хан мен Сәмеке ханның үлкен ұлы Сейіттің екіге бөліп билегені айтылған. Әбілмәмбет ханға 1749–1750 жылдар аралығында бұл қалаларды Тұрсын ханның ұлы Барақ ханмен бөлісуіне тура келді, ал 1762–1771 жылдар аралығында Әбілмәмбет ханмен бірге қала мен аймақты Сәмеке ханның

кіші ұлы Есім бөлісіп билейді. Әбілмәмбет өлген соң оның ұлы Болат хан мен Есім хан екеуі бұл қалаларды 1771–1780 жылдары тең бөліп басқарады. Ал, 1780–1798 жылдар арасында Болат хан билігін Абылай ханның ұлы Әділ сұлтанмен бөлісуіне тура келді. Көріп отырғанымыздай, XVIII ғасырдың ортасынан аяғына дейін Түркістанда екі хан ордасы қатар өмір сүрген. Бұл жайлы ең алғашқы деректі XVII ғасырдың соңында жасалған Д.Г. Мессершмидт картасынан көре аламыз (1-сурет). Бұл поляк суретшісі ауызша деректерге сүйене отырып Түркістан қаласының XVII ғасырдың соңындағы картасын сызады. Дегенмен картаның астына Тәуке ханның мөрі басылған. Сірә Тәуке хан елшілерінің бірі хандықтың астанасы жайлы түсінік беру үшін жасаттырған болуы керек. Картада қаланың батыс бөлігінде үш жағы көшемен шектеліп, дуалмен қоршалған көлемі 1 га жерге «Ханово место» деген анықтама жазылған. 2008 жылы Е.А. Сұмағұлов және М.Қ. Тұяқбаев Д.Г. Мессершмидт картасындағы қаланың 1875 жылғы жобасы мен 1954 жылғы картасын және кейінгі жылдардағы план-схемаларын салыстыра отырып, «Хан ордасының» орнын анықтаған (2-сурет) [3, 3–4-с.].


Зерттеу әдістері

Ортағасырлық Ескі Түркістан қалашығында орналасқан Хан ордасының құрылымы мен планиграфиясын анықтау мақсатында археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келді. Ортағасырлық жазба деректерді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыра отырып, Хан ордасының маңызы мен рөлі туралы деректер топтастырылуда. Сонымен қатар, археологиялық материалдарды зерттеу, өңдеу және талдау әдістемесін, оның ішінде қазіргі заманғы технологиялар мен зерттеулерді пайдалана отырып, ескерткіштің өткен тарихы зерттелуде. Сабақтас пәндердің мамандары мен реставраторларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарта отырып, табылған жәдігерлерді химиялық тазарту, консервациялау, жетіспейтін бөліктерді қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары қалыптасқан эмпирикалық әдіс арқылы жүргізіледі – қазба жұмыстары, лабораториялық сынамалар, фиксацияға алу, видео-фотофиксация, сызбалар, көшірмелер түсіру, сараптама жасау, осы типті ескерткіштерді зерттеу барысында қолданылатын әдістер негізінде жүргізілді. Соңғы кездегі компьютерлік технология арқылы AutoCAD және Agisoft бағдарламаларын пайдалана отырып археологиялық, архитектуралық зерттеулерде жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Ескі Түркістан қаласының орнындағы шығыстан батысқа бағытталған үлкен магистралды көшенің оң қапталында орналасқан Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерін толық ашып зерттеу мақсатында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Археологиялық қазба жұмыстары алдымен Хан Ордасының солтүстік бөлігін толық ашып зерттеу мақсатында қазба салынды. Қазба жұмысы барысында ашылған құрылыстардың бағытына қарай қазба алаңының кеңейтілетіндігі жоспарланды. Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде қазба жұмыстары жердің беткі қабатынан 1,8 м тереңдікке дейін жүргізілді, нәтижесінде төрт құрылыс қабаты анықталып зерттелді (3–4-суреттер). Хан Ордасының жоғарыда аталған бөліктері аталмыш кешеннің сыртқы қамал қабырғасына дейін толық ашылды. Қазба жұмысы барысында анықталған құрылыс қабаттыр толық ашылып фиксацияланып, құрылыс нысандарының сипаттамалары жасалынды. Сонымен қатар құрылыс нысандардың құрлымын, орналасуын және аталмыш нысандардан табылған жәдігерлерді негізге ала отырып, құрылыс нысандардың жеке-жеке қандай мақсатта пайдаланғандығы және хронологиясы анықталды.



1-сурет – Д.Г. Мессершмидтің картасы (Туякбаева, Проскурин, 2000, 19-с.)



2-сурет – Ескі Түркістан қаласының әуеден көрінісі



3-сурет – Қазба алаңының оңтүстік бағыттан әуеден көрінісі



4-сурет – Қазба алаңының шығыс бағыттан әуеден көрінісі

2020 жылы Хан Ордасында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі

Бірінші құрылыс қабаты

Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде жүргізілген қазба жұмысы барысында, жаңбыр және қар суларының салдарынан бірінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандарының нашар сақталып қалғандығы анықталды. Себебі бірінші құрылыс қабатына жататын нысандар жердің беткі қабатынан 0,25 м тереңдіктен анықтала бастады. Қазба жұмыстары нәтижесінде аталмыш қабатқа жататын нашар сақталған төрт иелікке қарасты тұрғын үйдің төрт жатын бөлмесі, екі шаруашылық бөлмелері, екі аула, сынық кірпіш төселген едендер, қоқыс шұқырлары, камба, ошақ және тандыр орындары анықталып сипаттамасы жасалынды (1-сызба). Археологиялық қазба жұмыстары кезінде жоғарыда аталған барлық бөлмелер мен оларға қатысты шаруашылық аймақтарынан табылған заттай деректер жиналды. Қазба кезінде табылған археологиялық заттай деректер бірінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандардың XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басына жататындығын айғақтайды. Себебі, аталмыш құрылыс қабатынан табылған саз ыдыстардың үлгілері Түркістан археологиялық экспедициясының 1998 жылы «Тоған» қазбасы барысында және Күлтөбе археологиялық экспедициясының 2019 жылы Күлтөбе қалажұртында жүргізген қазба жұмыстары барысында табылған [4; 5; 6]. Сонымен қатар, қазба жұмыстарының нәтижесінде Хан Ордасының бірінші құрылыс қабаты 1-2 белдеулерде (ярус) орналасқаны анықталды.

XIX–XX ғасырларға жататын құрылыс қабаттан табылған саз ыдыстарға келер болсақ, бұл қабатынан ауыз ернеуінің сыртқы жиегіне толқын тәріздес шымшымалы өрнектер салынған құмыралар мен кеселердің ауыз ернеулері, иық негізінен бастап қоңыр-қара түсті ангоб шашырата жағылған құмыралардың бүйір сынықтары алынды. Бұл деңгейден сонымен бірге, жалпақ, тік немесе шеңбер иінді етіп жасалған жапсырмалы тұтқа бөліктері іріктеліп алынды. Сырлы ыдыстар қатарын ашық-сары, сары, жасыл, қоңыр түсті сыр жағылып үстінен қара, қоңыр, көк түсті сырмен өрнектер салынып шыңылтырланған орта кесе бөліктері мен Первомайский, Кузнецов фабрикаларында жасалған фарфор бөліктері көптеп кездеседі. XIX ғасырға жататын керамикалық бұйымдардың қатарынан шеберхана иесінің мөр тәрізді етіп дм: 6,2 см келетін шеңбер сызығының ішіне парысша «Қалай калам ұста Юнус ибн Мажитбай», яғни, «Аға құмырашы ұста Жүніс Мәжитбай баласы» деген жазуы бар құмыраның бүйір сынықтарының табылуы бұл жерде сол кезеңдерде өзіндік қолтаңбасы бар құмырашылар мектебінің қалыптасқандығын білдіреді.

Екінші құрылыс қабаты


Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде жүргізілген қазба жұмысы барысында жердің беткі қабатынан 0,9 м тереңдіктен екінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандар анықталды. Қазба жұмыстары нәтижесінде аталмыш қабатқа жататын төрт иелікке қарасты тұрғын үйдің төрт жатын және алты шаруашылық бөлмелері, үш аула, екі дәліз, кірпіш төселген едендер мен ташнау орындары, ас пісіруге және бөлме жылытуға арналған ошақтар анықталып зерттелді (2-сызба). Археологиялық қазба жұмыстары кезінде жоғарыда аталған барлық бөлмелер мен оларға қарасты шаруашылық аймақтарынан табылған заттай деректер жиналды. Қазба барысында екінші құрылыс қабатынан табылған бірқатар керамикалық заттарға жасалынған зерттеулердің нәтижесінде, екінші құрылыс қабатының XIX ғасырдың басы мен ортасына жататындығын анықталды. Олардың ішінде Қоқандық үлгідегі керамикалармен қатар Ресейдің Кузнецов заводынан шыққан фаянс ыдыстарында кездестіруге болады [7, 88–100-сс.]. Хан Ордасының екінші құрылыс қабаты 2-3 белдеулерде (ярус) орналасқаны анықталды.

Үшінші құрылыс қабат

Хан Ордасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында үшінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандар, екінші құрылыс қабатына жататын нысандардың құрлымы өзгеріссіз қайталанып, олардың екінші едені негізінде ажыратылды. Жоғарыда айтып өткеніміздей аталмыш кешендегі құрылыс нысандар негізгі құрлымын жоғалтпай, тек қосымша жөндеулер мен едендердің негізінде ажыратылуда. Осы себепке байланысты, Хан Ордасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде екінші және үшінші құрылыс қабаттарына жататын нысандардың өзгеріссіз бір-бірінің жалғасы болып табылатындығы, олардың тек едендер бойынша ажыратылатындығы анықталды. Себебі, М.Тұяқбаев Хан Ордасында 2008 және 2013 жылдары жүргізген қазба жұмыстары барысында аталмыш қабаттардың тек едендер бойынша ажыратылатындығын дәлелдеп, хронологиясын белгілеген. Маусымдық далалық зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде екінші құрылыс қабатының екінші еденінен жинақталған заттай деректерге салыстырмалы талдау жасай отырып, аталмыш қабаттың XVIII ғасырдың соңына жататындығы анықталды. Хан Ордасының үшінші құрылыс қабаты 3-4 белдеулерде (ярус) орналасқан (3-сызба).



1-сызба – Хан Ордасы бірінші құрылыс қабатының жобасы



2-сызба – Хан Ордасы екінші құрылыс қабатының жобасы

Төртінші құрылыс қабат

Хан Ордасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында жердің беткі қабатынан 1,75 м тереңдіктен төртінші құрылыс қабатына жататын оңтүстіктен солтүстік-

батысқа бағытталған тұйық көше, көшенің екі қапталынан он сегіз бөлме, төрт аула және бір дәліз анықталып зерттелді. Анықталған нысандар оңтүстіктен солтүстікке қарай шартты түрде белгіленді. Анықталған құрылыс нысандардың толық сипаттамасы жасалынып, фиксацияланды, суретке түсіру жұмыстары жүргізіліп, сызбалары сызылды (4-сызба). Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде төртінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандардың, Хан Ордасында 2008 және 2013 жылдары ашылған төменгі құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандармен байланысып жатқандығы, кешеннің солтүстік және шығыс бөліктері тұтастай қамал қабырғасымен қоршалғандығы анықталды. Төртінші құрылыс қабатына жататын нысандардың архитектуралық ерекшелігін және аталмыш қабаттан алынған заттай деректерге салыстырмалы талдау жасай отырып, төртінші құрылыс қабатының XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына жататындығы анықталды. Олардың ішінде Қазақ хандығы тұсында кенінен таралған сырлы, беті шыңылтырланған, гүл дестелері тәрізді өрнектермен безендірілген ыдыстарды кездестіруге болады [8, 1–4-с.]. Хан Ордасының төртінші құрылыс қабаты 4-5 белдеулерде (ярус) орналасқандығы анықталды.

Түркістан өңірін жылдар бойы зерттеген М. Тұяқбаевтің зерттеулеріне сүйенсек, кейінгі ортағасырдың аяғына қарай XVII–XVIII ғасырларда керамика өндірісі тоқырауға ұшырай бастағанын көре аламыз. Осы кезеңнің керамикаларының ішкі беттері бұлыңғыр тәрізді мұнартқан ақ, көгілдір түсті бояулармен және түссіз шыңылтырлармен көмкерілген. Сырт жағынан ақ түсті ангобпен боялып, қара сырмен ернеу жиектері мен ішкі табан бөлігіне айналдырыла сызықтар түсіріліп, екі сызық ортасы гүл дестелері тәрізді өрнектермен безендірілген, тұтастай немесе жоғары бөліктері сырланып, беттері аздап шыңылтырланған [9, 132–133-с.]. Осындай өрнектеу мәнеріне ие керамика бөліктері Күлтөбе қалажұртының цитадель және рабат бөліктерінен табылса [10, 72–110-с.], ұқсастары Саухым-Ата, Төркүл-Бабайқорған, Төрткүл-II, Қарашық қалажұрттарында жүргізілген қазба жұмысы барысында табылған [9, 167–182-с.].



3-сызба – Хан Ордасы үшінші құрылыс қабатының жобасы



4-сызба – Хан Ордасы төртінші құрылыс қабатының жобасы

Қорытынды

Қорытындылай келе, тарих жазба деректер мен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесіне сүйене отырып XVII–XVIII ғасырларда Ескі Түркістан қаласында екі Хан Ордасы (цитадель) болғандығы, Түркістанды және оның айналасындағы қалаларды Әбілмәмбет хан мен Сәмеке ханның үлкен ұлы Сейіттің, содан соң Болат хан мен Есім хан, кейін Болат хан мен Абылай ханның ұлы Әділ сұлтанның билегендігі анықталды. Хан Ордасының орынын Е.А. Сұмағұлов пен М.Қ. Тұяқбаевтың 2008 жылы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталды. Аталмыш нысандағы алғашқы археологиялық қазба

жұмыстар «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2008 және 2013 жылдары жүргізіліп, Әбілмәнбет хан мен Тәуке ханның билігі тұсына жататын құрылыс нысандар анықталып зерттелді. Жоғарыда аталған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Хан Ордасының орнымен қоса, стратиграфиялық мәдени қабаттары анықталған болатын. Дегенмен 2008 және 2013 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде кешеннің толық құрлымы және қақпасы мен көшелері анықталмаған болатын. Осы себептерге байланысты Хан Ордасының толық құрлымы және кірер қақпасын анықтау мақсатында археологиялық қазба жұмыстары 2020 жылы жалғасын тауып, нәтижесінде Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктері толық ашылып зерттелді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Әбілмәнбет хан мен Тәуке ханның билігі тұсына жататын Хан Ордасының планографиясы, қамал қабырғасы, тұйық көше және кешеннің шығыс бөлігінің толық құрлымы ашылып, мәдени қабатырдың XVII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жататындығы анықталды. Сонымен қатар, маусымдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Хан Ордасының солтүстік, шығыс және оңтүстік бөлігі тұтастай қорған қабырғасымен қоршалғандығы, кешеннің шығыс бөлігіне оңтүстіктен солтүстік-батысқа бағытталған тұйық көше арқылы кіретіндігі анықталды. Ашылған қорған қабырғасының жалпы ұзындығы 120 м, ені 16-2 м құрайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII середине XIX вв. В кн.: Культура и История Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. – Алматы, Фонд Сорос-Казахстан, 1997. – С. 46–144.
2. Туякбаева Б.Т., Проскурин А.Н. О цитаделях города Туркестана // Известия МОН РК, НАН РК Сер. Общ. наук. – 2000. Вып. 1 (230). – С. 17–27.
3. Смағұлов Е.А., Туякбаев М.К., Ержигитова А.А., Күмісбаева Ұ., Өсеров Т., Ілияс С. Ескі Түркістан қаласының 2009 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2009. – 120 б.
4. Смағұлов Е.А., Туякбаев М.К. Туркестанская археологическая экспедиция: Отчет по итогам работ в 1998 г. / Архив музея-заповедника «Азрет Султан». Инв. №3. Фотоальбом. I-168-I-170, I-165-167.
5. Хазбулатов А., Ақылбек С. Күлтөбе қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2019. – 1873 с.
6. Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII–XIX вв.). – Алматы: ТОО «Эффект», 2009. – 208 с.
7. Смағұлов Е.А., Ержигитова А.А. Цитадель древнего Туркестана: некоторые итоги изучения. 2011–2012 гг. // Известия НАН РК. Сер. обществ. и гуманитар. наук. – 2013. – №3. – С. 82–100.
8. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. – Алма-Ата: Издательство Наука Казахской ССР, 1981. – 343 с.
9. Туякбаев М.К., Егеубаева А.М. Түркістан жазирасының қыш ыдыстары. – Түркістан: Изд-то Золотая Книга, 2018. – 182 с.
10. Хазбулатов А., Петров П., Шайгозова Ж., Ержігітова А. Күлтөбе қазынасы. – Нұр-Сұлтан: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдени институты, 2020. – 192 б.

REFERENCES

1. Erofeeva I.V. Kazahskie hany i hanskie dinastii v XVIII seredine XIX vv. [Kazakh khans and Khan dynasties in the XVIII – mid. XIX centuries]: V kn.: Kultura i Istoriia Centralnoi Azii i

- Kazahstana: problemy i perspektivy issledovaniia. – Almaty: Fond Soros-Kazahstan, 1997. – S. 46–144. [in Russian]
2. Tuiakbaeva B.T., Proskurin A.N. O citadeliah goroda Turkestana [About the citadels of the city of Turkestan] // Izvestiia MON RK, NAN RK Ser. Obsh. nauk. – 2000. Vyp. 1 (230). – S. 17–27. [in Russian]
 3. Smagulov E.A., Tuiaqbaev M.Q., Erjigitova A.A., Kumisbaeva U., Oserov T., Iliias S. Eski Turkistan qalasynyn 2009 jyly jurgizilgen arheologiialyq qazba jumystarynyn esebi [Report of archaeological excavations of the Old City of Turkestan in 2009]. – Turkistan, 2009. – 120 b. [in Kazakh]
 4. Smagulov E.A., Tuiakbaev M.K. Turkestanskaia arheologicheskaiia ekspediciia: Otchet po itogam rabot v 1998 g. [Turkestan Archaeological Expedition: Report on the results of work in 1998] / Arhiv muzeia-zapovednika «Azret Sultan». Inv. №3. Fotoalbom. I-168-I-170, I-165-167. [in Russian]
 5. Hazbulatov A., Aqylbek S. Kultobe qalajurtynda jurgizilgen arheologiialyq qazba jumystarynyn esebi [Report of archaeological excavations carried out in the kultobe settlement]. – Turkistan, 2019. – 1873 s. [in Kazakh]
 6. Tuiakbaev M.K. Istoricheskaiia topografiia i razvitie gorodov i poseleni Turkestanskogo oazisa (XIII–XIX vv.) [Historical topography and development of cities and settlements of the Turkestan oasis (XIII–XIX centuries)]. – Almaty: TOO «Effekt», 2009. – 208 s. [in Russian]
 7. Smagulov E.A., Erjigitova A.A. Citadel drevnego Turkestana: nekotorye itogi izucheniia. 2011–2012 gg. [Citadel of ancient Turkestan: some results of the study. 2011-2012] // Izvestiia NAN RK. Ser. obshhestv. i gumanitar. nauk. – 2013. – №3. – S. 82–100. [in Russian]
 8. Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. Pozdnesrednevekovyi Otrar [Late Medieval Otrar]. – Alma-Ata: Izdatelstvo Nauka Kazahskoi SSR, 1981. – 343 s. [in Russian]
 9. Tuiakbaev M.K., Egeubaeva A.M. Turkistan jazirasynyn qysh ydystary [Ceramics of Turkestan Zhazira]. – Turkistan: Izd-to Zolotaia Kniga, 2018. – 182 s. [in Kazakh]
 10. Hazbulatov A., Petrov P., Shaigozova Zh., Erjigitova A. Kultobe qazynasy [Kultobe treasure]. – Nur-Sultan: Qazaq gylymi-zertteu madeni instituty, 2020. – 192 b. [in Kazakh]